

2024 жылғы «29» наурыздағы  
№ 44 бүйрыққа 1-қосымша

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің  
«Қазақстан Республикасының Үлттық ядролық орталығы»  
шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық  
мемлекеттік кәсіпорнының (КР ҰЯО РМК)  
**сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты**

## **1. Жалпы ережелер**

1.1. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қазақстан Республикасының Үлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – Кәсіпорын) осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің міндеттерін, қағидаттары мен бағыттарын айқындайтын негізгі құжат, оны қабылдаудағы мақсат – Кәсіпорын жұмыскерлерінің Кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлық салдарының алдын алуға, анықтауға, жолын кесуге және барынша азайтуға бағытталған қызметін ұйымдастыру және үйлестіру.

1.2. Кәсіпорынның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын әзірлеу мен іске асырудың құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қатынастарды реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілер құрайды.

1.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат Кәсіпорын мен оның жұмыскерлерінің ашық және адаптивнің жүргізудің, корпоративтік мәдениетті жетілдірудің, корпоративтік басқарудың озық практикаларын ұстанудың және Кәсіпорынның іскерлік беделін тиісті деңгейде ұстап тұрудың жоғары этикалық стандарттарына бейілділігін көрсетеді.

1.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді жүйесін құруға бағытталған қызмет.

1.5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – Кәсіпорынның лауазымды адамдарының өз өкілеттіктері шегіндегі:

1) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, соның ішінде сыбайлас жемқорлықтың себептерін анықтау және кейіннен жою (сыбайлас жемқорлықтың алдын алу) жөніндегі;

2) сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылықты анықтау, алдын алу, жолын кесу (сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес) жөніндегі қызметі.

## **2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың мақсаты мен міндеттері**

2.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың мақсаты – Кәсіпорында сыбайлас жемқорлықты тудыруы мүмкін және (немесе) тудыратын себептер мен жағдайларды жою.

## **2.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың міндеттері:**

- 1) сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің алдын алу, жолын кесу және салдарын барынша азайту немесе жою шараларын өзірлеу және жүзеге асыру;
- 2) Кәсіпорын жұмыскерлерінің лауазымдық міндеттерді орындау кезінде сыбайлас жемқорлықтан бас тартатын және адалдық пен сатылмаушылық қағидаттарын қамтамасыз ететін құқықтық мәдениетін қалыптастыру;
- 3) Кәсіпорын жұмыскерлерін сыбайлас жемқорлық әрекеттерге тарту тәуекелін азайту;
- 4) сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылықтың алдын алу;
- 5) Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша құқықтық тетік құру.

## **3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары**

### **3.1. Кәсіпорын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметін мынадай қағидаттар:**

- жарғылық қызметті жүзеге асыру кезінде, оның ішінде контрагенттермен, билік органдарының өкілдерімен, Кәсіпорын жұмыскерлерімен және өзге де адамдармен өзара іс-қимыл жасау кезінде кез келген нысандағы және көріністердегі сыбайлас жемқорлыққа ымырасызың таныту және қабылдамау («нөлдік төзімділік» қағидаты);
- Кәсіпорын басшылығының сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастырудың және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен оған қарсы іс-қимылдың ұйымішілік жүйесін құрудың жеке үлгісі;
- Кәсіпорын жұмыскерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметке тарту;
- сыбайлас жемқорлық тәуекеліне сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдердің мөлшерлестігі;
- ашықтық (контрагенттерді, серіктестерді Кәсіпорында қабылданған бизнесті жүргізуідің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары туралы хабардар ету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша мемлекетпен, серіктестермен және контрагенттермен ынтымақтастық жүргізу);
- адамның және азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтарын тану, қамтамасыз ету және қорғау;
- зандаудың;
- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басымдықпен қолдану негізінде жүзеге асырады.

## **4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қолдану саласы**

### **4.1. Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты:**

- Кәсіпорынның барлық жұмыскеріне;
- контрагенттерге, сондай-ақ тиісті міндеттер олармен жасалған шарттарда, олардың ішкі құжаттарында бекітілген жағдайда өзге де адамдарға қолданылады.

4.2. Кәсіпорын жұмыскерлері осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты басшылыққа алуға және оның ережелерін мұлтіксіз сақтауға міндettі.

4.3. Кәсіпорын жұмыскерлеріне тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі немесе үшінші адамдардың дедалддығы арқылы, өзіне немесе үшінші адамдарға кез келген материалдық немесе жеке пайда алу не басқа жеке және заңды тұлғалардың аталған адамға мұндай пайданы заңсыз беруі мақсатында сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылықтың туындауына әкеп соғуы мүмкін әрекеттерге қатысуға тыйым салынады.

## 5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар

5.1. Кәсіпорында жыл сайын Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспары бекітіліп, оларды өткізу мерзімі мен жауапты орындаушы көрсетіледі.

5.2. Қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық стандарттарын енгізу мақсатында Кәсіпорында іскерлік қатынастар әдебін қамтитын және жұмыскерлердің әдептілік, адал мінез-құлқын қалыптастыруға бағытталған жұмыскерлер мінез-құлқының жалпы ережелері мен қағидаттары белгіленеді.

Мұндай жалпы ережелер мен мінез-құлық қағидаттары корпоративтік әдептілік кодексінде және сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартта бекітіледі.

5.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат элементтерінің бірі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау болып саналады. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалаудың мақсаты – Кәсіпорын жұмыскерлерінің жеке пайда алу мақсатында сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылық жасау ықтималдығы неғұрлым жоғары болатын Кәсіпорын қызметіндегі нақты операцияларды айқындау.

5.4. Кәсіпорында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша жұмыскерлерді мынадай тақырыптар бойынша оқыту жүргізілуі тиіс:

- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін заң бойынша жауапкершілік;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша заңнама талаптарымен және Кәсіпорынның ішкі құжаттарымен танысу;

- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша жоғары тұрған және құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасау.

5.5. Кәсіпорын жүзеге асыратын ішкі бақылау сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға және анықтауға ықпал етеді.

5.6. Әріптестермен өзара іс-қимыл жасау кезінде Кәсіпорын қызмет жүргізудің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған стандарттары туралы, оның ішінде шарттарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды сақтау туралы белгілі бір ережелердің енгізілуі мүмкін екендігі туралы хабарлайды.

5.7. Кәсіпорын жұртшылықты сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру дәрежесі мен жетістіктері туралы хабардар етеді, оның ішінде тиісті мәліметтерді Кәсіпорынның ресми сайтында орналастыру арқылы хабарлауды жүзеге асырады.

**5.8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар Кәсіпорынға жұмысқа қабылдау немесе онымен еңбек қатынастарын жалғастыру кезінде осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа қосымшаға сәйкес нысан бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді өзіне қабылдайды.**

## **6. Кәсіпорын жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы іс-қимылға байланысты міндеттері**

### **6.1. Кәсіпорын жұмыскерлері:**

- Кәсіпорын мүддесі үшін немесе оның атынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаудан және (немесе) оған қатысадан;
- Кәсіпорынның мүддесі үшін немесе оның атынан айналасындағылар сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға немесе оған қатысуға дайын болу деп түсінуі мүмкін мінезд-құлықтан тартыныу тиіс.

**6.2. Тікелей басшысын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицерді, бас директорды:**

- жұмыскерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға көндіру жағдайлары туралы;
- басқа жұмыскерлердің, контрагенттердің немесе өзге де адамдардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау жағдайлары туралы жұмыскерге белгілі болған ақпарат туралы дерек хабардар етуі тиіс.

**6.3. Бас директорға жұмыскерде мүдделер қақтығысының туындағаны немесе туындауы мүмкін екендігі туралы хабарлауға міндетті.**

## **7. Мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу тәртібі**

### **7.1. Кәсіпорын жұмыскерлері:**

- 1) мүдделер қақтығысы туындауының кез келген мүмкіндігіне жол бермеу бойынша шаралар қабылдауға;
- 2) туындаған мүдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы өзіне белгілі болған сэтте сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицерге хабардар етуге;
- 3) мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөніндегі өзге де шараларды қабылдауға міндетті.

**7.2. Мүдделер қақтығысын болдырмау немесе реттеу мүдделер қақтығысының тарапы болып табылатын Кәсіпорын жұмыскерінің лауазымдық жағдайын өзгертуден, тіпті оны белгіленген тәртіппен қызметтік міндеттерін орындаудан шеттетуден тұруы мүмкін.**

## Қосымша

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау туралы келісім

Мен,

(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын сақтау, менің өкілеттілігімді жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мұдделерде пайдалануға алып келуі мүмкін әрекеттерді жасауға жол бермеу мақсатында:

- 1) мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асыру;
- 2) жақын туыстарының, жұбайлары мен жекжаттарының бірге жұмыс істеуіне жол бермеу;
- 3) мұліктік және мұліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану;
- 4) егер мұндай әрекеттер менің қызметтік өкілеттіктеріме кіретін болса немесе менің лауазымдық жағдайыма байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал ете алатын болса, оларды ұсынған адамдардың пайdasына әрекеті (әрекетсіздігі) үшін материалдық сыйақы, сыйлықтар немесе көрсетілетін қызметтерді қабылдау;
- 5) Қазақстан Республикасынан тыс жерде орналасқан шетелдік банктерде шоттар (салымдар) ашу және оларды иелену, Қазақстан Республикасынан тыс жерде орналасқан шетелдік банктерде қолма-қол ақша мен құндылықтарды сақтау;
- 6) менің отбасымның мүшелерінің (жұбайы (зайыбы), ата-анасы, балалары, оның ішінде кәмелетке толған балалары және менің асырауымдағы және менімен тұрақты тұратын адамдар), егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) менің қызметтік өкілеттіктеріме кіретін болса не мен өзімнің лауазымдық жағдайыма байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал ете алатын болсам, материалдық сыйақы, сыйлықтар немесе көрсетілетін қызметтер ұсынған адамдардың пайdasына менің әрекетім (әрекетсіздігім) үшін берілетін материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді алуды бойынша сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдаймын.

қолы, ТАӘ